



“О, негкен бай Құдайдың даналығы,
Жеткен терең Оның білік-парасаты!
Шешімдеріне адам ақылы жетпес,
Жолдарын Оның ешкім зерттеп бітпес!
Себебі әлемнің бәрі Құдайдан,
Ол арқылы, Ол үшін пайда болған.
Лайым Құдай мәңгілік мадақталсын!
Аулин.

Даналықтың жемісі

Жаратқанды қастерлеп, мойынсұну,
Бұл – жамандық атаулыны жек көру.

Жек көремін пандық пен менмендікті,
Жаман іс-әрекет пен бұрма сөзді.
Менде ақыл-кеңес бар, адал сана,
Иемін парасат, күш-қуатқа да.
Мен арқылы патшалар билік құрады,
Әкімдер әділ заңдар шығарады.
Өміршілер мен арқылы басқарады,
Төрелер әділ үкім шығарады.
Мен де сүйемін өзімді сүйгенді,
Іздеп жүрген тауып алады мені.
Абырой-байлық сыйлайтын бар менде,
Жоғалмас қазына мен әділдік те.
Беретін жемісім алтыннан да бағалы,
Шығаратын өнімім менің тандаулы,
Күмістен де әлдеқайда жоғары.
Әділетті жолмен жүре беремін,
Ақиқат жолынан ешбір таймаймын.
Мені сүйгендерге игілік сыйлаймын,
Қазыналарын толтыра беремін.

Данышпан Сүлейменнің
нақыл сөздері 8:12-21



Маңызды кезең

«Кімде-кім нағыз еркек болса, ол дәл қазір осы жерден секіре алады» деген бәстесу Атыраулық жас баланың өмірінде ең соңғы сәт болды. «Оқиганы өз көзімен көрген адамдардың айтуынша, ол кешке болған жағдай. Қаланың жанындағы “Жұмыскер” деген елдімекеннің үш жасөспірімі жақында ғана іске қосылған көлікжол көпіріне келген. Олардың арасында сол көпірден Жайық өзеніне кім секіре алады деген талас туды. Жеткіншектердің біреуі сол «ерлікті» жасауға бел байлады. Ол судан сол бойы шыққан жоқ, ал оны құтқару тым кеш болды. Көп ұзамай жасөспірімнің денесін оқиға болған жерге келген сүңгуірлер алып шықты».

АТЫРАУ. 7 маусым 2008ж. КАЗИНФОРМ. Андрей Соколов/

Баланың сондай абайсыз қылыққа баруына не себеп болды? Адамның өз басына да, маңайындағы адамдарға да қауіп төндіретін істерге баруына не түрткі болады? Сабаққа бармай қалу, темекі шегу, ұрлық, төбелес, карта ойнау деген сияқты әдеттер әкелер мен балалардың арасында атам заманнан бері келе жатқан қайшылықты туғызады. Екі ұрпақты қарсыластыққа итермелейтін ол қандай күш?

Жасөспірімнің ата-анасының еркіне қарсы істер жасатқызатын көптеген себептердің бірі – қоршаған ортасының ықпалында өмір сүруге ұмтылу. Басқаша айтқанда, адамдардың қойған үлгісіне сай өмір сүруге тырысу. Адамдардың барлығы дерлік өз еркімен, не болмаса еріксіз айналасындағы адамдарға: яғни, сыныптастарына, достарына, көршілеріне т.б. жағу ниетімен шешім қабылдайды. Ондай шешім әрбір кезде дұрыс бола бермейді. Алайда, басқа да жол бар – Құдайдың талабына немесе үлгісіне сай өмір сүру. Келіңіздер, Жазбадан бір мысалды бірге қарастырайық. Жасөспірім бала Дәуіттің өмірін алайық, ол екі жолдың екіншісін – яғни, Құдайға бағынып, Оның талабына сай өмір сүру жолын таңдады.

Бізде Дәуіттің өмірін баяндайтын біріктіріліп жинақталған бір кітап жоқ, сондықтан біз оның өмірі туралы Жазбаның әр жерінен оқимыз. Біз онымен бірінші рет Патшалықтар кітабында кездесеміз. Ол жерде Самуил пайғамбар Израилдің жаңа патшасын майлауға келеді. Бір қызығы, Есейдің үлкен жеті ұлы үйінде болады да, ал кенжесі Дәуіт қой бағып жүреді. Ол өзінің ағалары сықылды бір қараған көзге еш әсер бермейтін сияқты. Өйткені Самуил Есейдің үлкен ұлының сұңғақ бойын, сымбатты түрін көргенде, ол бірден өз таңдауын соған тоқтатады.

Автордың сипаттауынша, Дәуіт «қара торы, көздері жайнап тұрған, келбетті жігіт екен». Оның кәсібі де ағаларыныкі сияқты ер азаматтыкіндей емес секілді. Олар қолдарына қару алып соғысқа шыққанда, Дәуіт үйінде қалып, қой бақты. Дәуіттің балалық шағында да, жас кезінде де, адамдардың үлгісі бойынша іс-әрекет жасау керек пе, немесе Құдайды тыңдау керек пе деген азғырулар келген болса керек, сірә. Дегенмен, сыртқы түрі де, айналысатын кәсібі де оны тура жолдан тайдырмады, ол бүкіл әлемге өзінің толық жарамдылығын дәлелдеуге тырысқан жоқ. Тұлға ретінде мінезі қалыптасу барысында, оның ең жақсы қасиеттері дамыды. Біраз уақыттан кейін Дәуіт «жақсы күй тартатын, батыл жауынгер, салмақты, сырт көрінісі келісті жігіт» деп патшаға таныстырылды.

Ол кезде сондай қасиеттері бар көптеген жігіттер болды. Бірақ бір қасиеті бойынша ол өз құрдастарынан мүлде айрықша болды – ол «Құдай Ие оған жар болды» деген қасиет. Өзінің ата-анасына, атап айтқанда әкесіне мойынсұну арқылы ол Құдайдың

талаптарына бағынуды таңдады. Әкесінің еркін орындау арқылы ол Құдайдың даусын тыңдауды үйренді. Ата-анасының билігін елемей тұра, Тәңір Иенің билігіне бағыну мүмкін емес.

Жасөспірім кезінен бастап ол өзінің күнделікті қиыншылықтарын Құдайға тапсырды. Егер оның қойларына бір жыртқыш аң, арыстан немесе аю шабуыл жасаса, Дәуіт Құдайға жалбарынды және Оның көмегімен ол жыртқыштардан қорғанды. Егер көңіл-күйі болмаса, ол ашық далаға шығып Құдайды забур жырларымен мадақтап сиынатын.

Сол бір есте қалатын күні, ол, әлі бесіктен белі шықпаған жас бала Құдайдың күшіне үміт артып, алып Ғолиатқа қарсы шықты. Ал одан жасы үлкен және тәжірибелі жігіттер алыппен жекпе-жекке шығуға бата алмады. Ол шайқас алаңына Тәңірмен бірге шықты. Ол Құдайға жастық шағынан бастап үміт артуды үйренді.

«Кішкене нәрселерді Құдайға сеніп тапсыруды үйренсең, күрделі мәселелерді де жеңіп шыға аласың» деген сөздер Дәуіттің өмірде ұстанатын қағидасы болған сияқты.

Басқа адамдармен бірлескен қоғамда өмір сүріп, тұлға ретінде мінезі қалыптаса келе жас өспірім өзін-өзі көрсету жолын іздейді. Уақыты келгенде қоғам оған сынақ тастайды. Жасөспірімдер топтарының әрқайсысында өздерінің талаптар жүйесі болады. Соңғы кездерде, бүкіл сынып болып сабақтан қашу, темекі шегу, төбелесу деген сияқты бұрыннан келе жатқан қарсыласу түрлерінің тізіміне қосымша кіргендер: әр түрлі ішімдіктер ішу, есірткі қолдану, басқалардан ақша тартып алатын топтар (ұлдар тобы, қыздар тобы), түңгі кезде интернет клубтарында отыру т.т. Негізінде, кейбір нәрселер жаман емес, мысалы компьютерді қолдана білу. Біздің мемлекетіміздің халықтың білім дәрежесін көтеру ниетін мен толық қолдаймын. Мен өз өмірімді интернетсіз және әр түрлі компьютер бағдарламаларынсыз көзіме елестете алмаймын. Алайда, айналамыздағы адамдарға жағу және олардың салттарына сай болу, сабақтардан қашып компьютерде көп уақыт шектен тыс ойындарды ойнау, басқа жұмыстарды жиыстырып қойып компьютердің алдында түн жарымға дейін отыру – күнә.

Қазіргі кезде өз қиыншылықтарын Көктегі Құдайға тапсыратын жас өспірімді көзге елестету қиын. Мысалы, мен үшін жас бала

кезімде Құдаймен сөйлесу және менің күнделікті өмірімдегі жағдайларға көмектесетін Құдайдың күші бар деп сену – фантастикалық қиялмен бірдей болар еді.

Жақында біз, баласы наркоман бір әйелдің үйіне бардық. Анасы ұлының жағдайы туралы қатты уайымдап, оны реабилитация орталығына барып емделуіне көндірген екен. Ол тіпті емделуге қаражат та тапқан, қазіргі кезде олай емделу үшін көп қаражат керек. Басында баласы келіседі, бірақ соңынан үзілді-кесілді бас тартты. Ол өз шешімінің шын себебін айтпағанымен, негізгі себебі – басқа наркомандар жақтан қысым деп ойлайды анасы. Баласы олардың пікірінен аттап өтуге бата алмады.

Шындығын айтқанда, әрбір адам белгілі бір үлгілер жүйесінің ықпалында болған. Мен мектепте жүргенде-ақ темекі шеккем. Ішке кіретін темекінің түтінінің өзі менің жүрегімді айнытатын, бірақ мен бәрібір темекі шеккенімді жалғастырдым, өйткені менің достарым солай істеді және ол біздің ерлігіміздің көрсеткіші болды. Менің әкем ішкіш адам болған, балалық шағымда мен оны тек мас күйінде көретінмін. Сол кезде мен өзіме бір емес, бірнеше рет ешқашан ішпеймін деп ант бергем. Бірақ адамдардың үлгісіне сай болу ниетім өз сөзімді бұзуға әкеліп, мен ішу жағынан әкемнен де асып түстім. Мектепте жоғарғы сыныптарда оқып жүргенімде, біз бір топ болып ішкіліктің дәмін таттық. Біздің үлгімізге сай келмейтіндерді адам қатарынан шығарып, оларды менсінбейтінбіз.

Жас жеткіншек Дәуіт өз құрдастарының үлгілеріне сай болуға тырысып, оларға жағатын жолмен жүрсе де болатын еді. Алайда, ондай жағдайда ол жетекші болудан қалар еді, сірә.

Бірақ ол өз жүрегінің қалауы бойынша өмір сүруден қорықпады, басқалар не дейді екен деп жалтақтамады.

Құдайға жағу үшін басқалардың үлгілеріне қарсы тұруға мен дайынмын ба?

Менің күнделікті қабылдайтын шешімдерім «Адамдар мен туралы не ойлайды?» деген сұраққа тірелмеу керек. Сұрақ мынадай болу керек: «Құдай бұл туралы не ойлайды екен?»

Ата-аналардың жауапкершілігі туралы айтпай кетуге болмайды. Дәл ата-аналардың өмірі, әсіресе отағасы ретінде әкенің өмірі және оның Құдайға үміт артуы жасөспірімдер үшін Құдайға сенім артудың үлгісі болып табылады. Ұлыңыз, не қызыңыз сіздің бір

мәселелерді шешердің алдында Құдайдың билігіне бас иіп, оның еркін іздегеніңізді көрсе, олар да Оған бағыну керек екенін түсінеді. Ата-аналардың тікелей міндеті – жасөспірім балаларының өз ерлігіне қолдауды, құрдастардың арасында емес, отбасында табуына жағдай туғызу. Мен бұл жерде жастарға тек отбасындағы қарым-қатынастармен шектелген өмір салтын насихаттап жатқан жоқпын. Дегенмен, жасөспірім баланы өз бетімен қоя бермеу керек. Өйткені, егер қоғаммен қарым-қатынастары оның ата-анасына бағынбауына әкеліп соғатын болса, онда жасөспірім отбасын таңдау керек.

Сүлейменнің нақыл сөздерінде әкесі – Дәуіт патшаның берген тәлім-тәрбиесі туралы айтады (Нақыл сөздер 1:10-15):

Балам, күнәкарлар еліктіргенде,
айтқандарына сен ешқашан кенбе,
Олар сені шақырып былай десе:
«Кәнеки, кеттік, біреуді аңдиық!
Сол бір айыпсыздың жолын ториық,
андаусызда бас салып, қанын төгейік!
Сондайларды тып-типыл тонайық,
көрге түскендей түгел бітірейік.
Алуан асыл заттарға ие боламыз,
үйлерімізді олжаға толтырамыз.
Тәуекелге бізбен бірге бел байла,
бар байлығымыз ортақ болады да!»
Балам, сондайлармен бірге жолға шықпа,
олардың жолдарына лайым жолама!

Осы сөздерге қарама-қарсы ол былай деп үндеу тастайды
(Нақыл сөздер 1:8-9):

Балам, әкеңнің тәрбиесін тыңда,
Шешең берген тәлімнен де бас тартпа!
Олар басыңдағы тәждей тамаша,
Мойныңдағы моншақтай ұнамды да.

“Жұмыскер” елдімекенінің жасөспірім баласын еске алып, егер суға секірмегенінде осы қоғамға қаншама пайдасын әкелер еді деп ойлаймын. Басқа адамдардың жетегінде жүрмей, Құдайдың еркін өз өмірінде орындаған болса, оның тағдыры қалай болған болар еді?

Бірнеше тәжірибелік кеңестер:

Жасөспірімге:

* Бүгін Иса Мәсіхті өз өміріңнің Иесі болуын сұрап, шақыр, өйткені Құдайға ұнамды өмір сүруге саған тек Ол ғана күш бере алады.

* Қазір сенің алдында өз құрдастарымды тыңдайын ба, әлде ата-анама бағыну керек пе деген таңдау тұрса, онда екіншісін таңда. Тіпті достарың сенен теріс бұрылып кетсе де.

Ата-анаға:

* Өз үйіңізде сүйіспеншілікпен, шартсыз қабылдау жағдайын туғызуға еңбек етіңіз.

* Өзіңіз Құдайдың соңынан ерудің үлгісін көрсетіңіз, сөйтіп өз шешіміңіздің жемісі туралы айтып бөлісіңіз.



Ізгі ниетпен
Нәженов Елдос


Қымбатты оқырман!

“Шығыс Сәулесі” баспасынан жасөспірімдерге арналған “Кімнің омартасы жақсы?” атты жаңа кітап жарық көрді.

Кітапты баспаға хабарласып алуларыңызға болады.

Редакция





ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Бала күнімде мен өте арманшыл едім. Адам өзін қауіпсіздікте сезінетін бақытты өмір жайлы армандайтынмын. Адамға өте аз ағұмыр бергендігі мені мазалайтын. Мәңгілік өмір бар ма өзі? Керемет ертегідегідей... Адамның жан дүниесін тыныштыққа бөлейтін жер бар ма?

Менің атым Нұрсайын. Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келдім.

Әкем Нұркерім – жан дүниесі қорқыныш пен ауыртпалыққа толы тұйық кісі. Ол бізбен, өз балаларымен өте аз қарым-қатынаста болған, яғни бізге аз көңіл бөлген. Өз жағдайымда мен оны жүрегін құлыптап алған адам бейнесінде көремін. Оған сүйіспеншілікті қабылдау және маңайындағыларға сүйіспеншілік көрсету өте қиын еді.

Анам Күлшара мейірімді және дана әйел болатын. 1984 жылы ол дүниеден өтті. Мен Тәңір Иемнің көптеген қасиеттерін анамның бойынан көрдім.

Сонымен қатар, менің тағы да Нұрлан есімді ағам бар. Есімді білгелі ағаммен қатты сөзге келіскен емеспіз. Екеуміз өте тату болдық. Ең соңғысы інім – Кәрім. Ол біздің арамыздағы ең іскері, әрі ең дарындысы.

1982 жылы мен орта мектепті аяқтадым. Арманым заңгер болу еді. Бірақ бұл мен үшін арман ғана болып қалды.

1982 жылы Арқалық қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түстім. Аталмыш оқу орнында менің нағашым жұмыс істейтін, сол себепті менде оқуға түсемін деген 100% сенім болды.

Менің өмірімнің осы кезеңдері – орта мектептегі, институттағы оқу жылдары мен үшін өте құнды, маңызды кезең болып табылады. Дегенмен маған бір нәрсенің жетіспейтіндігін мен әрдайым сезінетінмін... ал ненің жетіспейтіндігін жете түсінбейтінмін. Бұл өмірден таза және киелі бір нәрсені іздеп шарқ ұрасың, алайда таба алмай көңілің қалады...

1986 жылы мен үйлендім. Әйеліммен бірге 10 жыл өмір сүрдім. Екі балалы болдық. Алайда біз некемізді сақтап қала алмадық. Некелік өмір екеуімізге де көптеген жаралар мен ауыртпалықтар әкелді.

Кешкен ғұмырым мені мақсатқа бағытталған тұлға ретінде қалыптастыра алмады, мен өмірден нені қалайтынымды білмедім. Маған бәрібір бір нәрсе жетіспейтін. Және де осы «нәрсе» менің құпия арманымға айналды, сондықтан мен санамнан жоғары сол нәрсеге ұмтылдым. Осы ұмтылыс мені Құтқарушы Исаға жетеледі.

Бірде сыныптасым әрі досым Жақыпов Русланның үйіне бардым. Үйде әкесі мен жиені бар екен, өзі әлі жұмысынан келмепті. Мен оның бөлмесінде отырып, жұмыс үстелінен трактаттар мен ашық жатқан жұмыс дәптерін, Құран мен Інжіл, тағы басқа да рухани әдебиеттерді көрдім.

– Мұнысы несі, сенуші болып кеткен бе? – деп ойладым мен.

Осы ойдан менің тұла бойымды мұң басып, досымды жоғалтып алған сияқты сезіндім.

Руслан көп уақыт бойы өмірдің мағынасын іздеумен жүр еді. Ол кезінде Компартияның мүшесі болып, Коммунизмнің идеяларына шынайы сенім артты, алайда қайта құру кезеңінде одан көңілі қалды. Сонан соң ол “жасылдардың” қозғалысымен айналысты. Солардың қатарына кіргісі келді, өйткені олар пайдалы іс жасап жүр деп ойлады. Бір кездері Поль Брагумен, кейінірек Дейл Карнегидің пәлсапалық ілімімен, соңынан үндіс пәлсапасымен, контактсыз массаж жасаумен айналысты (курсын бітіріп, оны біраз тәжірибеде қолданды). Бірде мені экстрасенстердің симпозиумына да шақырды.

Ал мен дінге сену – модадан қалған, ғұмыры біткен өмір сүру салты деп санайтынмын. Құдайға әлсіз, үміті үзілген, өмірде өз орнын таба алмаған адамдар ғана бет бұрады, олар өмірлік ақиқаттан қашып, өздеріне қияли әлемді ойлап шығарған деп есептейтінмін. Сол күні Руслан үйіне өте кеш келді, оның жанарынан ерекше бір нұрды және

тыныштықты көрдім, кейінірек мен осы құбылысты көптеген көктен туылғандардың бойынан көрдім. Оның жүзіндегі қуаныш – шынайы, таза, бұл өмірдің мақсатын тапқан адамның қуанышы болатын.

Біз сол түні таң атқанша әңгімелестік. Руслан адамдардың нәліктен Құдайға бет бұруы керек екенін түсіндіруге тырысты. Алайда мен мұндай өмірден, әсіресе осы ақиқатты қабылдаудан өте алшақ едім. Келесі күні ол мені жиналысқа шақырды, ал мен сыпайылықпен жоқ деп жауап бердім. Ол маған Жаңа Өсиетті сыйға берді, әрине оны мен оқыған жоқпын, өйткені онда не туралы жазылғанын түсінбейтінмін. Мен алғаш рет Ізгі Хабарды осылай естідім.

Содан бері бірнеше жылдар өтті. Осы жылдар аралығында менің тұрақсыз өмірім төмен қарай құлдырай берді. Бес жыл мұғалім болып істеген мектептегі жұмысымнан босауыма тура келді, өйткені жалақысы аз.

Сонымен, саудамен айналысуды жөн көріп, Көк базарға саудаға шықтым. Уақыт өте келе базарға үйренісе бастадым. Сол жердегі көптеген сатушылар сияқты, 600-700 граммның орнына 1 килограмм көрсететіндей етіп таразымды туралап алдым. Басқалардың да таразыларын осылай туралауға көмектестім. Сатып алушыларды алдаудың көптеген тәсілдерін меңгеріп алдым.

Базардың заңдары қатаң болатын. Ол жерде екіжүзділік пен ашкөздік патшалық етеді. Күніне бірнеше рет белгісіз біреулердің пайдасы үшін салық төлейміз. Салық жинаумен базардың қызметкерлері айналысады. Алғашында олар әр сатушыдан аздап көкөністер мен жемістер алатын. Кейін келе олардың тәбеттері ашыла бастады.

Сонан соң мен басқа да тауарлар өткізумен айналысып, түсті металл, спирттік сусындар мен темекілер және тағы басқа да заттар сатумен айналыстым. Дегенмен кәсіпкерлікпен айналысуым өміріме қуаныш пен гүлдену әкелген жоқ. Ақыр аяғында мен құжатсыз қалдым, оны фирмада кепілдік ретінде тастап кеттім, өйткені құнын төлеп тауар сатып алуға қаражатым болмады. Қарызға батып, жүйкем тозып, ең соңында үй-жайсыз қалдым.

Өмірімде біресе шырқап жоғары көтерілгендей боламын, сосын қайтадан төмен құлдылаймын. Тырысасың, талпынасың, басында бәрі жақсы жүріп жатады, сонан соң бірден бәрі құрдымға кетеді. Осының нәтижесінде мен ырымшыл бола бастадым. Қандай да бір сыртқы күштер маған кедергі жасап жатқан шығар деп ойладым.

Бір күні, досым екеуіміз зиярат орналасқан төбешікке шықтық,

әдемі бір бейітті таңдап алдық. Бейіттің ішіне кіріп өзімізше сиына бастадық, жолымыз ашылсын деп. Барлық рәсімдерді орындап болған соң, біз сол жерден көңілді шықтық.

Содан саудадан қалған қалдық тауарларымды алып, Талғарға келдім. Жолдастарымның саяжайында тұра бастадым. Ешнәрсе істегім келмейді, ешқандай құжатым жоқ, қарызым басымнан асады, әйелім ортақ пәтерді сатып кетіп қалған.

Саяжайдағы күндерім біркелкі, өткенді ойға алып, болашақ жайлы ой толғаумен өтетін. Көршіммен бірге оның бозасын ішіп, уақыт өткіземіз. Бұрыннан өзім өмір сүрген дүние жайлы ой толғау мен үшін қызық болатын. Дегенмен бұрынғы ойларым үмітке толы болушы еді, ал қазіргі ойларым қорқыныш пен үмітсіздікке, белгісіздікке толы.

Қалай да болмасын, әрі қарай өмір сүру қажет. Қалдық тауарларымды алып Талғардағы базарға сауда жасауға шықтым. Базарда маған ғажайып бір әйелдің жанынан орын берілді. Мен газет оқимын, ал ол болса бір кітапты қайта-қайта оқитын. Оның оқитын кітабын шет тілінің сөздігі деп ойлайтынмын, өйткені сөздер екі тізбекте жазылған.

Бірде одан: «Сіз шет тілін үйреніп жүрсіз бе?» – деп сұрадым. Ол күлімсіреп, кітаптың бетін көрсетті. Мен «Библия» деген сөзді оқыдым.

Әлгі әйел маған Құдай жайлы көп айтты. Мен онымен сөз таластырмадым. Мүмкін, шынымен де Құдай бар болса, бар шығар?

Институтта оқып жүргенде пәлсапа пәнінің мұғалімі: «Егер Құдай бар болса, Ол көрінсін, және менің жаныма отырып «Мен Құдаймын» деп айтсын, сол кезде барып мен Оған сенемін. Құдай жоқ, жоқ!» дегені есімде қалыпты. Маған оның сол сөзі қисынды көрінетін. Шынында да егер Ол бар болса, онда Ол неге Өзін көрсетпейді.

Сенуші әйел «Құдайды білмейтін адамдарға жаным ашиды» дейтін, ал мен ішімнен ол жайлы: “Ал менің саған жаным ашиды. Сен жап-жас болып алып, көзіңмен көре алмайтын, қолыңмен ұстай алмайтын Құдайға жан-тәніңмен сенесің” – деймін. Өзімнің жан дүниемде мен Құдайға деген сенімге қисынды түсінікті іздеймін, алайда таба алмаймын.

Генрих Сенкевичтің «Қайда барасың» деген кітабын екі рет оқып шықтым. Ондағы мәсіхшілердің әрекеттері мені таң қалдырғаны есімде. Олар не үшін өмір сүріп жатқандарын білетін және өлімнен қорықпайтын. Ал мен болсам өлімнен қорқамын. Өлімнің өзінен

қорықпасам да, өлер алдындағы тәндік азаптан, болашақтан хабарсыздықтан қорқамын. Шынымен де өліммен барлығы аяқтала ма, өлімнен кейін өмір жоқ па, сонда сен тұлға ретінде мәңгілікке жоғалып кетесің бе?

Біраз уақыт өте келе сол әйел мені мәсіхшілердің жанұялық жиналысына шақырды. «Неге бармасқа?!» деп ойладым мен. Қызығушылық үшін болса да барайын, көкке ұшқысы келетіндердің қандай екенін көрейін, олардың сенімдерінің бос, бекер екенін айтайын.

Бізді үй иелері күтіп алды. Олар қонақжай әрі ашық жарқын кісілер екен. Олар маған Құдай жайлы және өз өмірлері туралы куәлік айтып берді. Менімен сөз таластыруға немесе өздерінің менен білімді екенін көрсетуге тырысқан жоқ.

Мен олардың сеніміне таңырқадым. Олардың сенімі санадан емес, жан-дүниесінің түкпірінен, жүректерінен шыққан сенім еді. Олар маған Құдайды жақыннан танып білетін кісілердей әңгімелеп берді. Олардың арасында мен өзімді тыныштықта сезініп, әңгімеміз жарасып, қарым-қатынасымыз өте жақсы болды.

Жанұя жиналысында мен олармен бірге Құдайды мадақтау өлеңдерін айттым. Менің Құдайға бет бұруым үшін сиынуларын сұрадым. Олар мен үшін мінажат етті. Мәсіхшілердің жылы лебіздері, менің өмірім туралы шаныйы қам жеулері маған өте ұнады. Өзімді бұрыннан танитын адамдардың ортасында жүргендей сезіндім. Сонда мен олардан «Неге менде олардағы сияқты сенім жоқ» деп сұрадым. Олар маған былай деп жауап берді: «Иса Мәсіхті өзімнің Құтқарушым әрі Тәңірім деп жүрегіңе қабылдап, өміріңді Оған тапсыруың қажет». «Жоқ, мен әзірше бұлай тереңірек кіре алмаймын» деп ойладым мен. Ақыл-санаммен бір нәрсе болып қалуы мүмкін, немесе мен зомби сияқты олардың соңынан ілесіп кетермін. Әрине, олармен қарым-қатынаста болу жақсы, дегенмен абай болуым қажет.

Саяжайдағы бірге боза ішетін көршілерім бір-бірімен көп жанжалдасатын. Бір күні мен оларға барып, уағыздай бастадым: «Неге ұрсысасындар?! Сендер Құдайға бет бұруларың қажет. Құдаймен өмір сүретін болсаңдар, онда былай өмір сүресіңдер!» – деп бас бармағымды көрсеттім.

Күйеуі «Мен Құдайға сенбеймін» деп жауап қайтарды. Ал әйелі «Мен сенемін» деді. «Мен де сенбеймін, алайда ерте ме, кеш пе, біз бәрібір Оған келуіміз қажет. Жексенбі күні менімен бір жерге

барасындар, әзірге мына үнтаспаны тыңдаңдар» – дедім де, оларға «Неке және Отбасы» туралы уағызды ұсындым. Менде магнитофон болмағандықтан мен оны тыңдай алмаған едім. Магнитофонды қосып, уағызды бірге тыңдадық.

Үнтаспадағы уағызды тыңдау барысында, мен қарапайым және терең мағыналы, түсінікті сөздерді естіп таң қалдым.

Сөйтіп, жексенбі күні мен оларды қауымға алып бардым, онда келген соң уағыздаушы қашан тәубеге шақырады деп асыға күттім. Бұл менің қауым жиналысына бірінші қатысуым болатын. Бұған дейін мен тек жанұя жиналыстарына ғана баратынмын. Мені уағыз емес, күткен уақыт қатты толғандырды, өйткені мен дәл бүгін Құдайға бет бұрмақпын. Бағушы тәубеге шақырғанда, бірінші көршімнің әйелі, сонан соң мен орнымнан тұрдым. Екеуіміз ортаға шығып тәубе еттік.

Сол кезде, мен өз бойымнан ерекше өзгерістерді байқаған жоқпын. Міне, мен құтқарылуға ие болдым, осымен болды деп ойладым. Енді маған ешнәрсе қажет емес.

Бір күні сенуші бауырымыз маған былай деді: «Енді сен шомылдыру рәсімінен өтуің қажет». «Болды, маған осы тәубе еткенім де жеткілікті» дедім мен. Өйткені менде шомылдыру рәсімінен өтуге деген қорқыныш болды.

Арада біраз уақыт өте, жанұя жиналысында бауырластар мені құрылтайға баруымды өтінді. Мен онда бармаудың амалын іздедім, себебі ақша табуым керек, балаларға көмектесуім керек деген сияқты. Ақыр соңында мені бір күнге баруға көндірді. «Егер ұнамаса бұдан былай бармай-ақ қоя саласың» деді. Соңында мен келістім: «Жарайды, сендердің көңілдерің үшін бір күнге барайын».

Сол күні кешкі мезгілде мені керемет бір сезім баурап алды. Құрылтайға баруға асығып, тағат таппадым.

Құрылтайда өмірімде бірінші рет мен соншалықты көп сенушілерді көрдім. Бұл мен үшін ұлы мереке болды.

Мадақтау тобы және зал толығымен шын жүректен Құдайды мадақтады. Мен тез арада қалай жоғарыға көтеріліп, қолымды көкке жайып өзгелермен бірге Құдайды мадақтағанымды өзім де білмей қалдым. Мені Құдайдың сүйіспеншілігі толық баурап алды. Менің көзімнен қуаныштан жас аға бастады. Мен маңайымдағы адамдарды және Құдайға қатыстылардың барлығын сүйетінімді сезіндім. Дәл сол сәтте өзімді толығымен Құдайға бағыштағым келетінін түсіндім.

Үзіліс кезінде мен өз бағушымды тауып алып, оған шомылдыру рәсімінен өткім келетінін білдірдім.

Құрылтай аяқталған соң, мен үш күн бойы Құдайды мадақтау өлеңдерін жазумен айналыстым. Құдайға жақынырақ болғым келді. Қызмет етуге, оқуға, мінажат етуге, мадақтауға және Оның маған бергендерінің бәрін өзгелермен бөлісуге деген құштарлық пайда болды. Ол Өзін маған ашты. Мені Өзінің сүйіспеншілігімен толтырды.

Қорытындылай келе, менің «бір нәрсеге» деген ізденісім мені Жаратушыға алып келді. Құдайда менің негізгі қалауларым мен армандарым шешімін тапты. Мен өмірдің шынайы мәнін таптым. Мен күткеннен де көп нәрсеге ие болдым. Тек өмірдің мағынасына ғана емес, бәріне мән-мағына беретін, бәрінің мағынасы болып табылатын Жаратушының Өзін таптым. Құдайда тыныштыққа, ертеңгі күнге деген сенімділікке және пәк сүйіспеншілікке, зор сенім мен үмітке ие болдым.

Құрметті оқырман, өмірдің мағынасын Құдайдан табуыңызға шын жүректен тілектеспін. Әркім өзі нені құнды деп есептейді, соған сай таңдау жасайды.

Қазір өз балаларым үшін, бұрынғы әйелім үшін, олардың құтқарылып, мәңгілік өмірге ие болулары үшін мінежат етемін.

Ізгі ниетпен және
Құдайдың сүйіспеншілігімен Нұрсайын.
Шілде 2008ж, Алматы.



Қымбатты оқырман!

“Шығыс Сәулесі” баспасынан
Ширинай Досованың “Менің мәңгі-
лік көктемім” атты жаңа кітабы
жарық көрді.

Кітапты баспаға хабарласып алу-
ларыңызға болады.

Редакция

ЖОЛ АПАТЫНДА БОЛҒАН



ҚҰДАЙДЫҢ КЕРЕМЕТІ

«Сендердегі «нұр» адамдарға сәулесін төксін. Осылайша олар игі істеріңді көріп, көктегі Әкелеріңді дәріптесін».

Матай жазған Ізгі хабар 5:16



Менің аты-жөнім Оңалбаев Жаңабек, жасым 33-те. Туып-өскен жерім – Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы. Қазір Байқоңыр қаласында тұрамын. Әйелім және екі қызым бар. Байқоңыр қаласындағы қауымда қызмет етемін. Өмірімде болған бір куәлікпен бөліскім келеді.

Мен бір мекемеде жүргізуші болып жұмыс істеп жүрдім. Басшыммен бірге Байқоңырдан 90 шақырым қашықтықтағы бір жерге барып, қайтып келе жатып, түнде жол апатына ұшырадық. Көлігімнің жылдамдығы шамамен сағатына 120 шақырым болды. Әрине, бұл өте үлкен жылдамдық еді. Көлік 2,5 метрдей шұңқырға түсіп, 4 дөңгелегі жоғарыға қарап қалды. Негізгі себеп, көлігімнің алдыңғы бір дөңгелегі жарылып кеткен. Құдайға шүкір, көліктегі бес адамды да Жаратқан Иенің сақтап қалғаны шынымен де керемет болды! Тіпті бірде-бірі жарақат алған жоқ.

СЕНІМ СҮРЛЕУІМЕН

Ең қызығы, аударылған кезде бәрі көліктен шығып кетіпті. Мен ғана ішінде қалып қойыппын. Әрең дегенде көліктен еңбектеп шықтым. Жан-жағыма қарап оларды іздеп жүрсем, олар мені іздеп жүр екен.

Сол сәтте басшыма «неге ол мені жұмыстан тыс уақытта алып кетті екен» деген сияқты реніштер болды. Бірақ қаладан шыққан кезде мен Жаратқан Иеге мінажат етіп шыққанмын. Шын мәнінде мен әрқашан көлікке отырмастан бұрын дұға етемін. Меніңше, сол кезде Құдай Тағала Өзінің кереметін көрсеткісі келді. Бір жағынан осы оқиға өзіме сабақ болды, сонымен қатар өзгелер үшін үлкен куәлік және басқаларды да жігерлендіретін жайт деп ойлаймын. Осы арқылы Құдай бізді ешқашан тастамайтынын көрсетті. Сол сапардан қайтып келе жатқанда жолда бірнеше жол апатын көрдік. Тіпті бастығым «кеше сол жолда бір көліктен екі адам қаза болған» деп те айтты. Сонда Жаратқан Иеге отыра қалып «О, Құдай, Саған осы апат үшін де рахмет. Сен бізді аман-есен сақтап қалғаның үшін алғыс!» деп шүкірлік айттым.

Бастығыма адал болғандықтан, ол мені жақсы көретін. Ешқашан жұмыстан қалмайтынмың, арақ-шараптан аулақ болдым, темекі де тартпаймын. Осылардың бәрін көріп, өзіне әрқашан жақын тартып тұратын. Бірақ Исаға сенетінімді білген кезде, кішкене алшақтай бастады. Әсіресе, осы жол апатынан кейін, көліктің шығыны бар деген сияқты. Осының бәрі ақшаға келіп тірегенде, ол бірден өзгеріп шыға келді. Өйткені, осы апатты ешкімге білдірмей жауып тастағысы келді. Сөйтіп, заңсыз жолдармен менің атымнан ақша алдырып, мәселені шешкісі келді. Көп адамдар маған келіп: «Сен олай істеме, біз оны ұстап берейік» деп кеңес берді. Себебі, көп кісілер оны ұнатпайтын. Бірақ менің сол арқылы көк алғым келмеді. Құдайға шүкір, ол адалдығымды көріп, маған сене бастады.

Аз уақыттан кейін сол бастығым қайтыс болып кетті. Бірақ оның жұбайы осының бәріне куә болды. Осы мәселені Өзінің құдіретімен Жаратқанның Өзі шешіп берді. Қазір де сол жерде жұмыс істеп жүрмін. Құдайдан әрқашан «Құдайым, қай жерде жүрсем де Сенің жарығың, нұрың болғым келеді» деп сұраймын. Сенушілердің өміріндегі кереметтерді көріп, өзге адамдар да өзгеріп келеді.

Байқоңыр қаласындағы қауым 2003 жылы құрылған. Құдай Алматыдағы әпкелерімізді қолданып, қауымның негізі қаланды. Қазір ақырындап өсіп жатырмыз. Негізгі мұқтаждығымыз ғимарат мәселесі. Үлкен залды жалға алсақ деген ойымыз бар. Байқоңыр үшін әрқашан мінажат етіңіздер. Бәріңізге де Құдай жар болып, сенімдеріңіз нығая берсін! Аумин!



АҚАУЫ БАР БАҚЫР

КІМГЕ ҚАЖЕТ

Үндістандағы су тасушы баланың иығындағы әпкіштің екі жағына екі үлкен бақыр ілінген. Бақырдың біреуінің жарығы бар да, ал екіншісі бүтін әрі үнемі бұлақ көзінен қожайынының үйіне дейінгі ұзақ жол бойына ернеуінен толтыра су жеткізеді. Ал жарығы бар бақыр суды жартылай ғана жеткізетін. Екі жыл бойына су тасығыш бала қожасының үйіне күнделікті бір жарым бақыр су жеткізіп отырған. Әрине, ақауы жоқ бақыр өз жетістіктерін мақтан тұтатын.

Алайда, сорлы жарық бақыр өз ақауына ұялып, өзін мүсәпір сезінетін, өйткені ол әкелуге тиіс судың тек жартысын ғана жеткізе алатын еді. Арада екі жыл өтті, ал жарық бақыр өз сәтсіздіктерінің салдарынан әбден қайғыға батып кетті. Бір күні ол бұлақ басында су тасығыш балаға тіл қатуға бел байлады.

“Мен қатты ұялып жүрмін, сенен кешірім сұрағым келеді”, – деді ол. “Неге? – деп сұрады су тасығыш бала.

“Соңғы екі жылдың ішінде мен тек жарты бақыр ғана су жеткізіп келдім, өйткені сен суды көтеріп қожаңның үйіне қайтқан сайын менің жарығымнан су ағып кете берді. Сондықтан, саған суға жиі баруға тура келеді, және сен өз ыждағатыңа толық сыйақыңды да алмайсың”, – деді бақыр.

Су тасушы баланың ескі жарық бақырға жаны ашып, оны біраз жұбатайын деген ниетпен былай деді: “Біз қожайынның үйіне қайтып бара жатқанда жол бойында қаулап өскен гүлдерге көз қырыңды салшы”.

Расында да, олар үйге қайтқанда ескі жарық бақыр күн нұрына масаттанған дала гүлдеріне сүйсіне қараумен болды. Оның мұңы біраз уақытқа ғайып болған сияқты. Дегенмен, қожайынның үйіне келгенде, суды жартылай әкелгендігі үшін жарық бақыр қайта мұңға батты. Бақыр су тасушы баладан өз сәтсіздігі үшін тағы да кешірім сұрады.

Су тасушы бала бақырға былай деп тіл қатты: “Сен гүлдердің бүтін бақырдың емес, тек сенің жағыңда ғана өскенін байқадың ба? Мен сенің жарығың туралы үнемі білдім, және оны өз мақсаттарым үшін қолдануды жөн көрдім. Мен бір күні кешкісін сен жақтағы жолға гүлдер ұрығын септім, сөйтіп күнде бұлақтан үйге қайтқанда сен оларды суарып жүрдің. Міне, екі жыл бойы мен сол әсем гүлдермен қожайынымның үйін әшекейлеп келдім. Егер сен дәл қазіргідей күйде болмағаныңда, мен қожамның көз алдында үлкен мейірімге ие болмас едім”.

Біздің әрқайсымыздың өз ақауымыз бар. Барлығымыз да жарығы бар бақыр сияқтымыз. Дегенмен, егер біз Құдайға өз әлсіздіктерімізді қолдануға мүрсат берсек, Ол Құдай Әкенің үйін әсем гүлдермен әшекейлейді. Өз “жарықтарыңнан” қорықпаңдар, қайта оларды ашық мойындап, толықтай Құдайға Иеге сеніп тапсырыңдар.

Біз әлсіз болғанда Мәсіхте күшті екендігіміз естеріңде болсын.

“...Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске іске аса алады...”

Қорынттықтарға арналған 2-хат, 12:9



*“... Алдымдағы бәйгеге жан сала жүгіріп,
... көздеген мақсатты қуып келемін”
Філіпіліктерге арналған хат 3:13-14*

“КИЕЛІ КІТАП” бәйгесі

14, 15-шілде күндері Алматы қаласындағы Ақиқат қауымының ұйымдастыруымен «Жақыптың хаты» бойынша Киелі кітап бәйгесі өтті. Бәйгеге Алматы, Шымкент, Өскемен қалаларынан 3 жүлделі орынға үміткер 10 бала қатысты. Бәйгенің шымылдығын: «Қош келдіңдер, қырандар!» жырымен балалар қызметіндегі Әлия Тұрғанбаева ашып, жастар Жаратушыны мадақтау әнімен ұштастырды.

Бәйге 3 бөлімнен тұрды:

1. Жақыптың хатының 5 тарауын жатқа айту
2. 5 тарау бойынша дәптермен жұмыс
3. Көрсетілген қойылымдардың қай тарауға жататынын анықтау

Ұшқан шыбынның ызыңы естілердей тыныштық. Бәрі де толқу үстінде. Жарысқа түсетіндер ұмытып қалмасам екен деген толқуда болса, қазылар алқасы балалар дұрыс бағасын алу үшін қалт етпестен мұқият тыңдауда. Ал көрермендер балалармен бірге қобалжып, тоқтап қалса күрсініп, демеп, жақсы айтылса кірпік қақпай тыңдаумен ерекше жанкүйерлік танытты. Бұл бәрінің де есінде қалатындай ерекше күн болды. Мыңнан тұлпар озады демекші, 3-тараудан бастап

БӘЙГЕ, БӘЙГЕ, БӘЙГЕ!



балалардың шабысы анықтала бастады. Қамшы салдырмастан мүдірмей айтатын ерекшелігімен көзге түскен Өскемен қаласынан келген Нұржол, алдыға суырылып шығып, 1-орынды қанжығасына байлады. Бұл жасөспірім Нұржолдың балалар арасындағы бәйгеге қатысудағы соңғы мүмкіндігі еді. 2-орынды жеңіп алған Шымкент қаласындағы «Сенім» қауымынан келген, 9 жасар Диана мәнерлі оқуымен ерекше көзге түсті. Осы кішкентай бүлдіршіннен алдыда әлі талай бәйгенің бас жүлдегері болады-ау деген ой көптің көкейінде қалды. Жүлделі 3-орынды да «Сенім» қауымынан келген Гүлдана иемденді. Гүлдананың да дауыс ырғағымен, мәнерлі оқуы көрермен көзінен тыс қалмады. Назар аударатын тағы бір жәйт: ата-анасы сенуші, өзі қауымға үнемі келіп жүрген балалар қатыспаған осы жарысқа, ата-анасын бұл сала қызықтырмайтын, қауымнан алыс, ауылды жерде тұратын балалар Нұрбек пен Ермұраттың қатысуға





ниет білдіріп, тарауларды жатқа айтқаны еді. Сондай-ақ, тағы да айта кететін жағдай: мектепте оқуға мүмкіндігі шектеулі, тыңдаушы болып қана қатыса алатын Ардақтың да «Жақыптың хатын» жатқа айтуы басқаларға ой салатындай жағдай болды. Омырауларына таққан белгідегі бір-бірінен қалыспай тырмысып келе жатқан үш тұлпардан бөлініп қалған төртінші тұлпардай, 4- тарауды жатқа айтып, 5-тарауға қатыса алмаған Алмас үшін де жанкүйерлердің көкейінде «әттең-ай, соңғы тарауды жаттағаныңда ғой» деген өкініштері тұрды. Мәнерлеп айту талпынысымен, әлі талай бәйгелерде жоғарғы жүлдеге ие болатын балалардың қатарынан көрінетін талаптылардың бірі екенін Ақерке де байқатты. Өзі орыс сыныбында оқыса да тарауларды тақылдап айтып тұрған Жанға да қарап риза боласың. Осылай өз мәресіне жеткен бәйге, біріншіден баланың өзінде қатысам деген ниет болуың, екіншіден ұстаздары мен ата-аналар осындай шараға дұрыс ден қою керегін көрсетті. Сонымен қатар, қауым балалардың Киелі жазбаны жаттауларына түрткі болатын осындай шаралардың өткізілуі үшін мінәжат етіп, балаларды сиыну бесігінде ұстау керектігінің дәлелі болды.

Бәйге қорытындысы:

1-орын

Нуржол, Өскемен қаласы

2-орын

Диана, Шымкент қаласы

3-орын

Тұлғана, Шымкент қаласы





Мәсіхшілерді жұмыспен қамту орталығы

Бір шапағатты таңғы мезгілде мен айтылған жерге келдім. Мен Құдайға қатты қызмет еткім келетін.

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Білесіз бе, мен жақында ғана тәубе еткен едім...
- Керемет!
- ...ал енді жұмыс іздеп жүрмін. Маған сізге жолықсын деп айтып еді...

– Дұрыс айтқан. Мәсіхшілердің жұмыспен қамту орталығы Сізді көргеніне қуанышты! Бізде бос қызмет орны көп. Олардың барлығын Иеміз Иса Өзі ашқан!

- Бәрекедді! Ал сіздерде қандай жұмыс бар?
- Елшінің қызметі бар.
- Оған қойылатын талаптары қандай?
- Қалай десем екен. Құдаймен тұрақты байланыста болу. Киелі Рухтың жетелеуімен қасиетті де әділ өмір сүру. Рухани бедел. Жүрегі ашық. Әркімді кез келген уақытта

сабырлықпен тыңдай білу. Үнемі түнгі қоңырау шалуларға жауап беру және тәуліктің кез келген мезгілінде жолға шығуға дайын болу. Бірнеше күн бойына ораза ұстау. Күн демей, түн демей ұдайы мінажат ету. Үнемі сапарда жүру. Ал ең бастысы, Елші Мәсіхтің ісімен айналысады – ол адамдарға Ізгі хабарды жеткізеді! Үнемі сенімге беріктігі сыналады.

– Мм-мм...

– Оның қауіпті факторлары да баршылық...

– Қандай?

– Сол үшін қорлауы, жала жабуы, таспен атқылауы, бостан-босқа түрмеге жауып тастауы, тіпті, өлтіруі де мүмкін.

– Аа...

– Сізге болады ма?

– ...Бұдан қарапайымдауы жоқ па екен?

– Бары бар-ау, мінеки, пайғамбардың қызметі бар.

– Оған қойылатын талаптары қандай?

– Құдаймен тұрақты байланыста болу. Оны естіп және Оның айтқанын түсіне алу. Құдай сөзін адамдарға жеткізе білу. Киелі Рухтың жетелеуімен қасиетті де әділ өмір сүру. Рухани бедел. Ашық жүрек. Өркімді сабырлықпен тыңдай білу. Үнемі түнгі қоңырау шалуларға жауап беру және тәуліктің кез келген мезгілінде жолға шығуға дайын болу. Бірнеше күн бойына ораза ұстау. Күн демей, түн демей ұдайы мінажат ету. Үнемі сапарда жүру. Үнемі сенімге беріктігі сыналу.

– Жалпы алғанда бұл маған болатын сияқты... Ал қауіпті факторлары ше?

– Ол әдеттегідей: бетке түкіруі, қорлауы, тыңдамауы, жала жабуы, сөзді бұрмалауы, таспен атқылауы, түрмеге жауып тастауы, өлтіруі мүмкін.

– Ой... Ал бұдан да қарапайымдауы бар ма?

– Ізгі хабар таратушының қызметі бар.

– О-о, керемет! Бұл дегенің сапарға шығу! Бедел! Танымалдық және Құдайдың еркін орындау! Мен адамдарға Ізгі хабарды жеткізетін боламын!

– Иә. Әлбетте. Бірақ мұнда да қойылатын талаптар: Құдаймен тұрақты байланыста болу. Киелі Рухтың жетелеуімен

БАҒУШЫДАН СҰРАҢЫЗ

қасиетті де әділ өмір сүру. Рухани бедел. Ашық жүрек. Өркімді сабырлықпен тыңдай білу. Үнемі түнгі қоңырау шалуларға жауап беру және тәуліктің кез келген мезгілінде жолға шығуға дайын болу. Бірнеше күн бойына ораза ұстау. Күн демей, түн демей ұдайы мінажат ету. Үнемі ел аралап, жер кезу, сенімнің сыналуы. Сонымен қатар, өз пайдасын ойламай, Ізгі хабарды қарапайым да түсінікті етіп, үлкен тобырға да, жалғыз адамға да айта білу қажет. Бұл үнемі Құдайдың рухани сүндеттеуінен, сынақтарынан өту деген сөз.

– Ал қауіпті факторлары қандай?

– Алдыңғылардың бәрі..., бірақ Киелі кітапта бұл үшін айқышқа да керіп тастауы мүмкін деп айтылған...

– Ойбай... Басқа не бар?

– Не бар? (көңілі түсіп) – Бағушының қызметі бар.

– Талаптары қандай?

– Алдыңғылардың бәрі.

– Қауіпті факторлары ше?

– Барлық мәсіхшілердікіндей...

– Тағы басқа жұмыс бар ма?

– Сіз өзіңізді мұғалім ретінде сынап көрсеңіз болады.

– Мұғалім ретінде? Ал ол үшін не қажет?

– Жалпы алғанда алдыңғылардың бәрі: Құдаймен тұрақты байланыста болу. Құдай Сөзін адамдарға жеткізе білу. Киелі Рухтың жетелеуімен қасиетті де әділ өмір сүру. Рухани бедел. Ашық жүрек. Өркімді сабырлықпен тыңдай білу. Үнемі түнгі қоңырау шалуларға жауап беру және тәуліктің кез келген мезгілінде жолға шығуға дайын болу. Бірнеше күн бойына ораза ұстау. Күн демей, түн демей ұдайы мінажат ету. Жиі сапарда болу. Сенімнің сыналуы. Киелі кітапты тұрақты оқып-зерттеу және тағы басқа көптеген нәрселері де жетерлік...

– Сұрауға ұялып тұрмын... А қарапайымдау ештеңе жоқ па?

– Оны өз қауым бағушыңыздан сұраңыз.

Мен қайтып кеттім. Мен әлі де Құдайға қызмет еткім келді, бірақ өзіме лайықты жұмыс табуға тырыстым...